


*Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды білім беру
ұйымдарындағы педагог- ассистенттің
негізгі жұмыс алгоритімі*

*Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейі, ресурстық
орталықтың педагог-ассистенті
Кожсахметова Саулет Сайлауовна*

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды білім беру ұйымдарындағы педагог-ассистенттің жұмысы ҚР оқу-ағарту министірлігіні, арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық — ғылыми практикалық орталығы ұсынған әдістемелік нұсқаулық негізінде іске асады. Әдістемелік нұсқаулық құрастырушы авторлары Е. В.Егорова, Ж.Б.Аханова, Д. Х. Култаев.



Педагог-ассистенттің лауазымдық міндеті

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 (07.08.2023ж №249 өзгерістер еңгізіліп бекітілген) бұйрықты негізге ала отырып педагог-ассистенттерге төмендегідей міндеттер қойылады.

Жалпы орта білім беретін ұйымның педагог-ассистенті лауазымдық міндеттері:

- психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның ұсынымы бойынша ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар баланы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асырады;
- балалардың ерекше білім алу қажеттіліктерін бағалау мақсатында мамандар мен педагогтердің командалық бағалауына, сондай-ақ жеке білім беру және дамыту бағдарламаларын құрастыруға қатысады;
- білім беру ұйымдарында ұйымдастырылған оқу және өзге де қызмет кезінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға, олардың өзіндік қызметі денсаулық жағдайы мен мінез-құлық ерекшеліктеріне байланысты шектелген жағдайда, көмек көрсетеді, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетеді;
- оқыту, тәрбиелеу және дамыту жұмыстары процесінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар бала туралы деректерді бақылауды жүзеге асырады және жинақтайды, білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижелерін, білім беру, әлеуметтік-бейімдеу (мінез-құлық) дағдыларын қалыптастыру серпінін хаттамалауды жүргізеді және баланы оқыту және әлеуметтендіру процесін мониторингтеу үшін тәрбиешілер мен мамандарға ақпарат береді;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың өмір сүру қауіпсіздігі мен денсаулығының қажетті жағдайларын сақтайды;
- белгіленген нысан бойынша есептік құжаттаманы жүргізеді.

Педагог-ассистент оқушыны сүйемелдеу процесі басқа мамандармен және ата-аналармен бірлесе отырып нақты төмендегі қадам арқылы жүзеге асады

Педагог-
ассистент пен
ата-ана
арасындағы
әңгімеге
арналған
сауалнама
(Қосымша А)

**1 – аптада
қыркүйек
Диагностика**

Оқушының
еркін іс-
әрекетін
бақылау
хаттамасы
(Қосымша Б)

**1 – аптада
қыркүйек**

**Диагностика
Жарты
жылдықта,
жылдың
соңында**

Оқушыны
сыныпта
бақылау
хаттамасы
(Қосымша В)
**Негізгі пәндерге
және
денешынықтыру**

**1 – аптада
қыркүйек**

**Алғашқы бес күн
бойы**

**Жағымсыз
мінез-
құлықты
бақылау
хаттамалары
(Қосымша Д)**

**Аптасына бір
толтырылады**

**Психологиялық-
педагогикалық
қолдау қызметінің
отырысына
арналған педагог-
ассистенттің
оқушыға жазған
тұжырымдамасы
(Қосымша Г)**

**Қыркүйек 2 –апта
Жарты жылдықта
Жылдың соңында**

**Педагог-
ассистенттің
оқушымен
өткізетін
жеке сабақ
жоспары
(Қосымша Е)**

**Апталық
жоспар**

**Педагог-
ассистенттің
оқушыны
қолдау
бағдарламасы
(Қосымша Ж)**

- ❖ **I жарты
жылдық**
- ❖ **II жарты
жылдық**
- ❖ **Есебі**

**Жағымсыз
мінез –
құлықты
түзету
хаттамасы
(Қосымша II)**

**Мектеп
психологымен
педагог-
ассистент
бірлесе
оытырып**

**Ата-ана мен
мамандардың
қарым-
қатынас
парағы
(Қосымша К)**

**Аптасына бір
рет**